

# Архив ұжымы облыста жүлдегер атанды

Арқалық өңірлік мемлекеттік архиві Қостанай облысы бойынша 20 аудан мен қаладан әріптестері қатысқан сайыста жүлделі үшінші орынға ие болды. Қала әкімі ұжым басшысын жетістіктерімен құттықтап, салтанатты түрде марапаттын тапсырды.

Биыл «К. Р. Архив заңының» қабылданғанына – 20 жыл, Қостанай облыстық архиві қызметіне – 95 жыл. Осындай мерекелерге орай архив ісінде қай ұжымның үздік екенін анықтау мақсатында облыстық «Ел үздік архивистер» байқауы жарияланған болатын. Үш кезеңнен тұрған сайыстың I өткізілімінде архив ұжымдары жасап жатқан жұмыстарын көрсетіп, бейнеролик дайындау тиіс болды. Екінші кезеңде қатысушылардың білік-тілігін анықтау мақсатында тест алынып, саяхаткерлер үй тапсырмасы мен өзін – өзі таныстыру бөлімінде сымға түсті. Бұл сайыста Арқалық өңірлік мемлекеттік архиві де тыңғылықты дайындықпен барған. Облыстық байқауға Ольга САВЧУК, Ақдоты СЕЙТБЕКОВА, Екатерина ТЕРИНА, Салтанат ШАКЕШОВА және Эльмира ҚУРЬИМБАЕВА сынды 5 қызметкеріміз барып жоғары дәрежеде өнер көрсетіп қайтты. Тест сұрақтарына барлық қатысушыларымыз 100 % дұрыс жауап берген. «Архивная семья» деген ұранмен барған жерлеріміз жарық қорытындысында 20 аудан – қаланың ішінен жүлделі үшінші орында жеңіп алды. Жоғарыда аталған



ымдастырылып қана қоймай, тыпсым конференция да өткізілген. Ол жерде Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің басшысы Саидолла БАЙГЕНЖИН «Тарихи қазынасы мол архив – халық игілігі» тақырыбында баяндама жасап, жиындандардың мақаласына бөленді. Ал, архив ісі саласында нәтижелі еңбегімен танылған Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің маманы Оксана ЯРИТИК «Ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және архив» аталатын мемлекеттік басқарма басшысының «Құрмет» грамотасын иеленсе, дәл сондай марапатты архивіміздің тағы бір қызметкері Венера ТУРМАНОВА Қостанай облыстық мемлекеттік архиві басшысының атынан алды.

Осындай жетістіктерімен құттықтап, қала әкімі Эльдар ҚОНЫСБАЙУЛЫ дүйсенбілік әкімдік жиынында Арқалық

басшысы Саидолла БАЙГЕНЖИНТЕ байқаудың дипломы мен 80 мың теңгенің сертификатын салтанатты түрде табыс етті.

Архив басшысы осындай дәрежеге өздеріне жанашыр азаматтардың арқасында жеткендіктерін айтады. – Облыстық байқауға барып, ұжымның ауызбіршілігінің, мамандарымыздың біліктілігінің арқасында жүлделі үшінші орынды иелендік. Осы ретте бізбен тығыз байланыста болып, әрқашан қолдау білдіріп, демеушілігімен танылып жүрген «Жас Ұлан» БЖО директоры Елена ЦВЕНТУХКА, өлкетанушы Шентібай БАЙШДІННІЕ, ақын Молдатай ЖАПАРҰЛЫНА, тігінші Галия КАСЫМҚЫЗЫНА, «Арқалық хабары» газетінің ұжымына өз алғысымды білдіремін, – деп архив басшысы жүрекжарды тілегін жеткізді.

# Сан қырлы өнер иесі

Киелі Торғай топырағынан түлеп ұшқан таланттар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Солардың ішінде бірі де, бірегейі- Болат Хамзин. Мен Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Роза Карбоқызының жетекшілігімен «Өмірім-өнерім» тақырыбында Б. Хамзиннің өмірі мен шығармашылығы жайында ғылыми жұмысымды қорғаған болатынмын. Бұл ғылыми жұмысымды алу себебім, «Торғайдың Шәмшісі» атанған Болат Хамзиннің артына қалдырған мол мұрасын, Торғай мәдениетіне қосқан үлесін кейінгі ұрпаққа танытыру.

Болат Хамзин - қазақтың ұлт-жаңды ұлдарының бірі, өнерімен елін сүйіндірген, жүрегінің жарып шыққан саз әуенімен халқының өмірін өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, туған жеріне перзенттік парызын өтеуге үлгі-өнегесін қалдырған сапгер, домбырашы, дирижер, актер, ұстаз, тума дарын иесі. 1938 жылы Торғай қаласының 13 ауылында дүниеге келген. Кішкентай кезінде екі шекесі торысқтай, көзі ботаның көзіндей, кішкентай ғана қойылған көкілі бар, сүй-сүйкімді және өте сезімтал болған.

Ол 1955 жылы Ы.Алтынсарин

атындағы Торғай қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түсіп, халық аспаптар оркестрі құрамында сахнаға шыға бастайды. Болат аға өзінің бойындағы талантымен, табиғи дарынымен Алматыда оқып жүргенде-ақ саз мамандарын таң қалдырса керек. Болашағынан үміт күттіретін шәкірттердің бірі атанып, Мәскеуге жастар мен студенттердің дүние-ежүзілік фестивалінің бас байгесін иеленеді. Оның «Орамал», «Торғай қызы», «Амангелді ұрпағы», «Қайдасың Шолпаным-жұлдызым», және т.б. әндері бар. Өзіндік бағыт-бағдары бар «Ғасырлар пернесі» атты фольклорлық халық ансамблін құрды. Сонымен қатар, ол Торғай халық театрының негізін қалаушылардың бірі.

Болат аға жастарды өнерге үгіттеп, тәрбиелеп, сахнаға әкеліп, мәдениет ошақтарын қайтадан құрды. Сол кезде театрды ұйымдастырып, артисі де, режиссері де, қоюшысы да және оркестрдің дирижері де жалғыз өзі болды.

Сан қырлы өнер иесі, жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген Болат Хамзаұлы Торғай халқының мәңгі жадында.

Диана ҚОНЫСБАЙ,  
Ы.Алтынсарин  
атындағы гимназияның  
11«А» сынып оқушысы.